

Шектеу іс-шараларын алу және Шетырғыз ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 15 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 қарашада № 7676 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шалқар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 5 қарашадағы № 16-8/148, № 16-8/149, № 16-8/150 ұсыныстары негізінде, Шетырғыз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты Шетырғыз ауылдық округінің келесі аумақтарында белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын:

- 1) "Қуаныш" және "Елеукен" шаруа қожалықтарының,
- 2) Тұмалыкөл ауылының Тәуелсіздік көшесінде орналасқан № 14, № 16 үйлер және Достық көшесінде орналасқан № 5 үй аумағындағы.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Шетырғыз ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шетырғыз ауылдық округінің әкімі

Ж. Табынбеков

Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы
18 қарашадағы № 15 шешіміне қосымша

Күші жойылды деп танылатын Шетырғыз ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдерінің тізбесі

1) 2020 жылғы 19 маусымдағы № 7 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7208 болып тіркелген, 2020 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) 2020 жылғы 26 маусымдағы № 8 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7225 болып тіркелген, 2020 жылғы 2 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3) 2020 жылғы 2 қыркүйектегі № 11 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7399 болып тіркелген, 2020 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).